



Магистрлік диссертацияны/жобаны жазу бойынша НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Білім алушы магистрлік диссертацияда/жобада Академияда алған білімінің негізінде мемлекеттік басқару саласындағы маңызды мәнге ие, практикалық проблемаларды шешуге бағытталған ғылыми негізделген дәлелдер мен ұсынымдарды баяндайды.

2. Магистрлік диссертацияны жазу екіжылдық магистратураның магистранттарына міндетті болып табылады. Біржылдық магистратураның магистранттарына магистрлік жоба немесе магистрлік диссертация жазу таңдауы беріледі.

3. Магистрлік диссертация – Академияда алған білімдерге негізделген мемлекеттік басқару саласындағы өзекті проблемаларды шешу бойынша теориялық және практикалық әзірлемелер мен ұсынымдардан тұратын дербес ғылыми зерттеу.

4. Магистрлік жоба – Академияда алған білімдерге негізделген мемлекеттік басқару саласындағы өзекті проблеманың қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және эксперименталды нәтижелерден тұратын зерттеу.

5. Магистрлік диссертацияның/жобаның авторы оның мазмұны үшін жауапты.

2. Магистрлік диссертацияның/жобаның тақырыбы

1. Оқуға құжаттарды тапсыру кезінде Академияның әрбір білім алушысында нақты проблема бойынша зерттеу жүргізуге тапсырыс берілген мемлекеттік органның жолдамасы болады.

2. Аталған зерттеу тақырыптары Академияның ғылыми әлеуетін ескере отырып, оларды нақтылау мақсатында Институттар/МСҰМ директораттарының отырысында талқылаудан өтіп, әрі қарай оқуға қабылданған сәттен бастап екі ай ішінде Академиялық кеңес отырысында бекітіледі.

3. Магистрлік/докторлық диссертациялардың тақырыбы өзекті болуы тиіс, оқу бағдарламасына және ғылыми жетістіктерді дамытудың қазіргі деңгейіне сәйкес болуы керек.

3. Ғылыми жетекші

1. Оқуға қабылданған сәттен бастап екі ай ішінде Академиялық кеңесте магистрлік диссертациялардың/жобалардың ғылыми жетекшілерінің кандидатуралары бекітіледі.

2. Ғылыми жетекшінің (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (Ph.D), бейіні бойынша доктор) дәрежесі бар, немесе ол ғылымның осы саласында (магистранттың оқу бағдарламасы бойынша) ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, практик маман болып табылады. Қажет болған жағдайда ғылымның ұқсас салалары бойынша ғылыми жетекші тағайындалуы мүмкін.

3. Ғылыми жетекшілер:

- оқудың барлық кезеңіне ғылыми зерттеудің кезеңдерін айқындайды және оларды орындауды мониторингтеуді іске асырады;



- магистрант зерттеу жұмысын жүргізуі үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды (қажетті дереккөздер мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету; зерттеу жұмысын орындау үдерісінде көмектесу және консультация беру; магистрант ұсынатын материалдар бойынша кер байланыс жасау);

- білім беру бағдарламасын іске асыру үдерісінде туындайтын басқа да мәселелерді шешеді.

4. Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. Жазу тілі: магистрантқа жұмысты мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде жазуға таңдау құқығы беріледі.

2. Магистрлік диссертация жеке жазылады, магистрлік жобаны 2-3 адамнан құралған топтарда жазуға болады.

3. Жұмыс көлемі: магистрлік диссертация – 70–80 бет; магистрлік жоба – 30–40 бет.

4. Рәсімдеу және пішімдеу стандарттары: А4 форматындағы ақ қағаз; бір жақты мөр; жоларалық интервал – жалаң (құрылымдық элементтер мен мәтіннің тақырыптары арасындағы интервал – екі есе); қаріп – Times New Roman; кегль 14; жиек өлшемдері: сол жақ – 30 мм, жоғары жақ – 20 мм, оң жақ – 10 мм және төменгі жақ – 25 мм, абзацтық шегініс – 1 см.

5. Құрылымдық элементтерді рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Мәтіндік құжаттың әрбір бөлімін жаңа беттен бастау ұсынылады.

- Бөлімдердің (тараулардың) тақырыптарын беттің ортасында бас әріппен, қалың қаріппен, соңына нүкте қоймай жазу қажет.

- Бөлімшелердің тақырыптарын абзацтық шегініспен бастап, бас әріппен, қалың қаріппен, соңына нүкте қоймай басу керек.

- Тақырыптарда/тақырыпшаларда сөздерді тасымалдауға болмайды. Егер тақырыптар/тақырыпшалар екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен ажыратады.

- Бөлімдер, бөлімшелер сынды бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін. Әрбір тармақ немесе тармақша абзацтық шегініспен басталады. Нөмірлеуге қойылатын талаптар:

- Барлық құрылымдық элементтердің, беттердің, иллюстрациялардың және т.с. нөмірі араб сандарымен белгіленеді.

- Бет нөмірі: толассыз нөмірлеу, беттің төменгі жағында, ортасында. Мұқаба беттің нөмірі жалпы нөмірлеуге қосылады, бірақ нөмір қойылмайды.

- Бөлімдер мен бөлімшелердің нөмірі нүктесіз қойылады. Бөлімшелер әрбір бөлімнің шегінде нөмірленуі тиіс. Бөлімшенің нөмірі нүктемен ажыратылған, бөлім мен бөлімшенің нөмірінен тұрады.

- Иллюстрациялар, кестелер, формулалар мен басқаларын нөмірлеу – бүкіл жұмыс шегінде толассыз. Формулалар мен теңдеулер дөңгелек жақшаларда нөмірленеді.

6. Пайдаланылған дереккөздерге сілтеме әдебиеттер тізіміндегі дереккөздің және дереккөздегі беттің нөмірін көрсете отырып, шаршы жақшадағы мәтінде қолданылу шамасы бойынша нөмірленеді.

7. Иллюстрациялар (графиктер, сызбалар, фотосуреттер) мәтінде олар туралы айтылғаннан кейін орналасады. Иллюстрациялар «1-сур. – суреттің



атауы» сөзімен белгіленеді, олар суреттің астына оған түсініктеме бергеннен кейін орналасады. Мәтінде әрбір иллюстрацияға сілтеме беру міндетті.

8. Цифрлық материал кесте түрінде рәсімделеді. Кестенің атын кестенің астында сол жағынан, абзацтық шегініссіз бір жолға оның нөмірімен бірге орналастыру қажет: «1-кесте. Кестенің атауы».

9. Формулалар мен теңдеулер жеке жолға мәтіннен ерекшеленеді. Формуладан жоғары және төмен бірден аз емес бос жол қалдырылады.

10. Иллюстративті материалдардың жалпы көлемі (суреттер, графиктер, кестелер) жұмыстың барлық көлемінің 30%-нан аспауы тиіс.

11. Библиографиялық тізімдер мен сілтемелер МЖБС 7.1.-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері» сәйкес рәсімделеді. Электрондық ресурстарды (интернет-сайттардың материалдарын) қолдану кезінде сайтқа (порталға) сілтеме жасап, дереккөздің авторын, атын және мекенжайын көрсету қажет.

12. Әрбір қосымшаны беттің ортасында «Қосымша» сөзін және оның таңбасын көрсете отырып, жаңа беттен бастау керек. Қосымшаның жеке жолда мәтінге қатысты симметриялы түрде бас әріппен жазылған тақырыбы болуы керек. Қосымшаны орыс алфавитінің бас әріптерімен таңбалайды.

5. Жоспарлау

1. Магистрлік диссертацияны/жобаны орындаудың негізгі кезеңдеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі
1.	Тақырыптар мен ғылыми жетекшілерді талқылау және бекіту (1 курс)	17 қыркүйек – 8 қазан
2.	Ғылыми жетекшімен жұмыс жоспарын келісу (проблема бойынша талаптарды, әдебиеттерді зерттеу, мақсаттарды, міндеттерді және зерттеу әдістерін айқындау) (1 курс)	18 қарашаға дейін
3.	Алдын ала тыңдау (1 ж/о 1 курс және 2 курс магистранттары)	19–30 қараша
4.	Плагиатқа тексеру	3–6 маусым
5.	Рецензиялауға жұмысты жіберу	7–8 маусым
6.	Аяқталған және рәсімделген магистрлік диссертацияларды/магистрлік жобаларды ұсыну мерзімі	15 маусым
7.	Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау	17–25 маусым

6. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға ұсыну

1. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға келесі құжаттар болған жағдайда жіберіледі:

- ғылыми жетекшінің оң пікірі;



- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда баяндама;

- қорғауға ұсыну туралы Институт/МСҰМ директоры отырысының шешімі (директорат отырысының хаттамасынан үзінді көшірме);

- біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін рецензенттің бір рецензиясы, онда диссертацияға жан-жақты сипаттама және тиісті мамандық бойынша магистр дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды беріледі.

2. Плагиатқа тексеру (Turnitin жүйесінде).

Академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерге сәйкес магистрант плагиатқа тексеру үшін магистрлік диссертацияны/жобаны өткізуі тиіс.

3. Ғылыми жетекшінің пікірі.

Қорғауға толық дайындалған магистрлік диссертация/жоба ғылыми жетекшіге беріледі, ол жұмысты толық қарап, жазбаша пікір береді. Өз пікірінде ғылыми жетекші жұмысқа қысқаша сипаттама бере отырып, оның өзектілігін, теориялық пысықталу деңгейін және алға қойылған міндетті шешудің практикалық маңызын, толықтығын, тереңдігін, сонылығын атап өтеді, сондай-ақ қорғауға жұмыстың дайындығы туралы ұсыным береді. Пікірде бітіру жұмысының қойылатын талаптарға сәйкестік деңгейі көрсетіледі. Ғылыми жетекшінің қолы ПББ-нің мөрмен расталады.

Ғылыми жетекші теріс қорытынды («қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды») берген жағдайда, магистрант магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға жіберілмейді.

Рецензиялау.

Сыртқы рецензент біліктілігі не дәрежесі қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкесетін; Академия магистранттарының бітіру жұмыстары бойынша соңғы екі жыл ішінде рецензент болмаған тұлғалар қатарынан, Институт/МСҰМ директорының ұсынысы негізінде Академия ректорының бұйрығымен (қорғауға дейін бір айдан кешіктірмей) тағайындалады. Рецензент Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі – МАК) мүшесі, магистранттың ғылыми жетекшісі және Академия қызметкері болмауы тиіс.

Рецензент қорғауға дейін бес күннен кешіктірмей магистрлік диссертацияның/жобаның рецензиясын, келесі мәселелерді көрсете отырып, ұсынады: зерттелген тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық мәні, берілетін біліктілік бейініне тақырыптың сәйкестігі, өткізілген зерттеудің дербестігі, эмпирикалық тұжырымдар мен ұсынымдардың болуы, проблеманы шешу және зерттеудің аяқталу деңгейі, жұмыстағы кемшіліктер мен аяғына дейін жасалмаған тұстары. Жұмысты талдау негізінде диссертацияның/жобаның жан-жақты сипаттамасы және тиісті мамандық бойынша магистрантқа «магистр» дәрежесін беру (бермеу) мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды беріледі.

Магистрлік диссертация/жоба сыртқы рецензент теріс пікір берген жағдайда да қорғауға ұсынылуы мүмкін. Мұндай жағдайда диссертация қорғауында рецензенттің болуы міндетті.

7. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау тәртібі

1. Қорғау МАК ашық отырысында оның 2/3-нен кем емес мүшесінің қатысуымен өткізіледі.

Институт/МСҰМ МАК-қа келесі ақпараттан тұратын тізімді ұсынады:



- 1) магистранттың аты-жөні;
- 2) бітіру жұмысының тақырыбы;
- 3) ғылыми жетекшінің аты-жөні, дәрежесі және ғылыми атағы;
- 4) рецензенттің аты-жөні, дәрежесі мен ғылыми атағы.

Магистрант жұмыстың мақсаты мен міндеті; оның өзектілігі және практикалық мәні; негізгі идеясы және қысқаша негіздемесі бар ең маңызды тұжырымдары көрсетілуі тиіс баяндама-презентациясын жасайды. Баяндаманың ұзақтығы – 7–10 минут.

Баяндаманы аяқтағаннан кейін магистрант бітіру жұмысы презентациясының мазмұны бойынша МАК мүшелерінің сұрақтарына жауап береді.

Ғылыми жетекшінің пікірі тыңдалады. Ол болмаған жағдайда пікірді МАК хатшысы оқиды.

Рецензенттің пікірі оқылады. Ол болмаған жағдайда, пікірдің мазмұнын МАК хатшысы оқиды.

Магистрант негізгі сұрақтарға немесе бітіру жұмысы бойынша ескертпелерге қысқаша жауап қайтарады.

Әрі қарайғы талқылауға қорғау қатысып отырғандардың барлығы қатыса алады.

Магистрантқа қорытынды сөз беріледі..

Әрбір магистранттың қорғау нәтижелері бойынша жиынтық бағасы электрондық бағалау жүйесінде көрсетілетін, МАК-тың әрбір мүшесінің тәуелсіз пікірінің нәтижелері бойынша жасалады. Электронды дауыс беру қорытындылары бойынша автоматты түрде қорытынды баға шығарылады, оның негізінде МАК мүшелері ашық дауыс беру негізінде тиісті мамандық бойынша магистрантқа «магистр» дәрежесін беру немесе бермеу туралы шешімді қабылдайды

Бағалаудың электронды жүйесіне келесі критерийлер енгізіледі:

- тақырыптың өзектілігі және оны ашу дәрежесі, зерттелетін проблеманың белгілі бір аспектілерінің қазіргі жағдай мен даму перспективаларына, магистрлік диссертацияны/жобаны орындаудың практикалық міндеттері мен жалпы мақсаттарына сәйкестігі;
- зерттеудің объектісі мен мәнін нақты анықтап, мақсаттарын, міндеттерін және жұмыс гипотезасын тұжырымдай білуі;
- жұмыстың мазмұндық жағы: ұсынылған материалдың логикалығы және жүйелілігі, толықтығы мен репрезентаттығы, жалпы сауаттылық;
- бітіру жұмысының тақырыбы бойынша монографиялық және мерзімді әдебиетті сыни тұрғыдан талдап, зерттелетін проблеманың тарихына және оның қазіргі жағдайына сипаттама бере білуі;
- алған нәтижелерді талдай және жинақтай білу, негізді тұжырымдар жасай және практикалық ұсынымдарды әзірлей білуі;
- алған нәтижелердің анықтығы және оларды қолдану деңгейі, сондай-ақ тағылымдама (практика) барысында апробация;
- магистранттың магистрлік диссертация/жоба бойынша ғылыми жарияланымдарының, ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндамаларының болуы;
- негізгі бет, жұмыс мәтіні, библиография және қосымшаның қабылданған стандарттарға сәйкес сыртқы рәсімделуі;



- магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау: оның негізгі мазмұнын қысқаша баяндап, теориялық және практикалық мәнін көрсете білуі; өз көзқарасын қорғап дәлелдей білуі, талқылауды жүргізу;

2. МАК-тың бір отырысында 12-ден артық емес жұмыс тыңдалып, қорғауға қабылдана алады.

Таңдалған проблеманың ғылыми негізді шешімдері бар ең қызықты жұмыстар ашық баспада жариялау және/немесе Академияның оқу үдерісіне, практикаға енгізу үшін ұсынылуы мүмкін.

Қорғағаннан кейін бітіру жұмысы Институт/МСҰМ директоры бекіткен акт бойынша қағаз тасығышта Академияның АРО-на өткізіледі.

МАК отырысының хаттамалары осы нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес бекітілген тәртіпте рәсімделеді. МАК шешімі хаттамамен әрбір магистрантқа жеке рәсімделеді.

МАК-тың әрбір мүшесінің бағасы хаттамадағы оның қолымен расталады.

МАК жұмысы аяқталғаннан кейін төраға магистранттарды қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есеп жасайды және оны екі апталық мерзімде ҒК-ға ұсынады.

8. Магистрлік диссертацияны/жобаны қайта қорғау және қорғау уақытын ауыстыру

1. Магистрлік диссертация/жоба бойынша МАК теріс шешім шығарған жағдайда қайта қорғау ақылы негізде келесі оқу жылында болуы мүмкін. Бұл ретте, жұмыс жоғарыда аталған ескертпелерді ескере отырып, жазылып шығуы тиіс.

2. Магистрант қорғауға дәлелді себептер бойынша келмеген жағдайда қорғауды кейінгі мерзімге ауыстыру (бір жылдан артық емес) туралы шешімді МАК қабылдайды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Институт/МСҰМ _____

қолжазба құқығында

Магистранттың (тардың) Т.А.Ә.
(атау септігінде)

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ АТАУЫ
(«тақырып» сөзінсіз және тырнақшасыз)

« _____ » білім беру бағдарламасы
(білім беру бағдарламасының атауы)
« _____ » мамандығы бойынша
(классификатор бойынша мамандық шифры және атауы)

(бағдарлама атауы)
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік диссертация

Ғылыми жетекші: _____
(қолы) (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Диссертация қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 20__ ж.

Институт/МСҰМ директоры: _____
(қолы) (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Астана, 20__



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Институт/МСҰМ _____

қолжазба құқығында

Магистранттың (тардың) Т.А.Ә.
(атау септігінде)

МАГИСТРЛІК ЖОБА ТАҚЫРЫБЫНЫҢ АТАУЫ
(«тақырып» сөзінсіз және тырнақшасыз)

« _____ » білім беру бағдарламасы
(білім беру бағдарламасының атауы)

« _____ » мамандығы бойынша
(классификатор бойынша мамандық шифры және атауы)

(бағдарлама атауы)

магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші(лер): _____
(қолы) (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми



атағы)

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 20__ ж.

Институт/МСҰМ директоры: _____
(қолы) (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Астана, 20__

3-қосымша

Магистрлік диссертацияның мазмұны

Мазмұны

Кіріспе	3
Қысқарған сөздер, таңбалар мен шартты белгілер тізбесі (қажет болған жағдайда)	
1-тарау	6
1.1	15
1.2	22
2-тарау	30
2.1	42
2.2	49
2.3	58
Қорытынды	70
Пайдаланған дереккөздер тізімі	71
А-қосымшасы (қажет болған жағдайда).	72
Б-қосымшасы (қажет болған жағдайда).	73



Магистрлік жобаның мазмұны

Мазмұны

Нормативтік сілтемелер

Белгілер мен қысқартулар

Кіріспе (зерттеудің өзектілігі мен 2-3 бет
проблемасы, жобаның мақсаты мен міндеттері,
зерттеу әдістері, гипотеза немесе күтілетін
нәтижелер, практикалық мәні)

Әдебиеттерге шолу (магистрлік жоба тақырыбы 3-5 бет
бойынша әдебиеттерге шолу)

Зерттеу әдістері (қолданбалы зерттеу жүргізілген 3-5 бет
әдістер, олардың таңдау себебін негіздей отырып)

Зерттеудің талдауы мен нәтижелері (зерттеудің 15-20 бет
тақырыбы бойынша деректерді талдау, алынған
нәтижелерге қатысты магистранттың(тардың)
авторлық позициясы)

Қорытынды (жүргізілген зерттеу бойынша негізгі 2-3 бет
тұжырымдар)

Пайдаланылған дереккөздер тізімі (жобада 2-3 бет
пайдаланылған дереккөздердің тізбесі)

Қосымша



Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Нұрышева Т.С. Мемлекеттік басқарудың теориясы және практикасы. Оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2013. – 171 б.
- 2 Нуров К.И. Общая теория управления. – Алматы, 2017. – 460 с.
- 3 Дин М. Правительность: власть и правление в современных обществах. – М., 2016. – 592 с.
- 4 Бурдые П. О государстве: курс лекций в Коллеж де Франс (1989-1992). – М., 2016. – 720 с.
- 5 Андарова Р.К. Теория и стратегия экономического роста в условиях рынка: дис. ... д-ра экон. наук. – Алматы, 2002. – 300 с.
- 6 Ахметова Г.М. Инструменты денежно-кредитного регулирования в экономике Республики Казахстан: автореф. дис. ... канд. экон. наук. – Астана, 2001. – 23 с.
- 7 Понкин И.В. Общая теория публичного управления: Правовые основы, цели, принципы, инструменты, модели и концепты публичного управления: Лекционный курс / ИГСУ РАНХиГС при Президенте РФ. – М.: Буки-Веди, 2016. – 356 с.
- 8 Сурин А.В. Десять лет подготовки управленческих кадров в Московском университете: опыт и проблемы. – <http://e-journal.spa.msu.ru>. (27.04.2017)



6-қосымша

_____ мамандығы/бағдарламасы (шифр, атауы) бойынша
_____ (Т.А.Ә.) орындаған
_____ тақырыбы магистрлік
диссертацияға/жобаға

Рецензия

Зерттеліп жатқан материалдың құрылымы мен баяндау нысаны туралы жалпы
мәлімет

Бітіру жұмысында зерттеу нәтижелерінің көрінуі

Ескертпелер _____ мен
ұсыныстар _____
Жұмыс _____
бағасы _____

Рецензент (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы)

« ____ » _____ 20 ____ ж. Қолы _____ (ПББ растаған)

7-қосымша

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының ХАТТАМАСЫ

(әрбір білім алушыға толтырылады)

20 ____ ж. « ____ » _____ сағ. ____ минуттан ____ сағ. ____ минутқа дейін

_____ магистранты
(мамандығы)

(Т.А.Ә.)

тақырыбындағы бітіру жұмысын қарау бойынша



Қатысқандар:

Төраға:

(Т.А.Ә.)

Мүшелері:

(Т.А.Ә.)

Бітіру жұмысы ғылыми жетекшілігімен орындалды

(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

Консультация барысында

(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

(жұмыс орны, лауазымы)

Рецензент

(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

(жұмыс орны, лауазымы)

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына келесі материалдар ұсынылды:

- 1) бітіру жұмысы _____ бетте;
- 2) бітіру жұмысына (жобасына) сызбалар, кестелер _____ бетте;
- 3) қорытындысымен бітіру жұмысы туралы ғылыми жетекшінің пікірі

(«қорғауға жіберілгенін» көрсету)

- 4) бітіру жұмысына баға қойылған рецензия

(рецензенттің бағасы көрсетіледі)

- 5) қорғауға ұсыну туралы Институт/МСҰМ директорының шешімі;

- 6) ресми емес пікірлер:
-



Орындалған бітіру жұмысы туралы хабарламадан кейін _____ минут ішінде магистрантқа келесі сұрақтар қойылды:

1.

2. *(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері және қойылған сұрақ)*

3. *(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері және қойылған сұрақ)*

4. *(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері және қойылған сұрақ)*

5. *(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері және қойылған сұрақ)*

(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері және қойылған сұрақ)

Магистранттың қойылған сұрақтарға берген жауаптарының жалпы сипаттамасы

Бітіру жұмысын қорғау барысында магистрант

(жалпытеориялық және арнайы дайындық бойынша білім деңгейі қандай)

көрсетті.

Магистрант бітіру жұмысын орындады және мынадай бағада қорғады деп танылсын

(білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы)

Комиссия мүшелерінің айырықша ой-пікірлері

Төраға _____ *(қолы)*

Комиссия мүшелері _____ *(қолы)*

_____ *(қолы)*



Хатшы

_____ (қолы)

8-қосымша

**Бітіру жұмысын қорғау бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының
шешімі**

№ _____ ХАТТАМА

20 __ ж. « __ » _____ сағ. _____ минуттан __ сағ. __ минутқа дейін
«магистр» дәрежесін беру туралы

Қатысқандар:
Төраға:

(Т.А.Ә.)

Мүшелер:

(Т.А.Ә.)

Магистрант

(Т.А.Ә., бағдарлама)

*(кешенді емтихан, бітіру жұмысы, білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік
жүйесі бойынша бағасы, өткізу күні)*

бағада кешенді емтиханды тапсырды және бітіру жұмысын қорғады

Магистрант кешенді емтиханды тапсырды және бітіру жұмысын қорғады деп
танылсын.

_____ мамандығы/бағдарламасы бойынша
(мамандықтың коды және атауы)

магистрант _____
(тегі, аты-жөнінің бастапқы әріптері)



«магистр» дәрежесі берілсін.

Комиссия мүшелерінің айырықша ой-пікірлері

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом берілсін.

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)